

Ямышев селолық округіне ірі қара малдың сарып ауруы бойынша шектеуді салу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 17 қыркүйектегі N 166/8 қаулысы. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 қазанда N 12-9-97 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 06 наурыздағы N 90/3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 06.03.2014 N 90/3 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 18-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына, 27-бабына сәйкес, Лебяжі ауданының мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторының берген 2009 жылғы 3 қыркүйектегі N 1-16/440 ұсынысы бойынша аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ямышев селолық округіне ірі қара мал сарып ауруы бойынша шектеу с а л ы н с ы н .
2. Ямышев селолық округінің әкіміне шектеу жағдайы бойынша: ауыл шаруашылығы малдарын басқа аймаққа айдауға, әкелуге және әкетуге; сүт және сүт өнімдерін әзірлеуге және ауылдан шығаруға; ш ө п ә з і р л е у г е ж әне с а т у ғ а ; көрмелер мен жәрменкелерді өткізуге рұқсат етілмесін.
3. Ямышев селолық округінің мемлекеттік ветеринариялық инспекторы (келісім бойынша) селолық округ әкімімен бірлесе, ауру малдарды жекелеу және карантиндеу бойынша шаралар қабылдасын.
4. Лебяжі ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің бөлімшесі (келісім бойынша) аудандық орталық ауруханамен бірлесе отырып, селолық округ тұрғындары арасында түсіндіру және алдын-алу іс шараларын жүргізсін.
5. Бұл қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л с і н .
6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т. Байжановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Әпсалықов

"КЕЛІСІЛДІ"

инспекторы

2009 жылғы "10" қыркүйек

Ямышев селолық округінің
мемлекеттік ветеринариялық
К. Габдрахимов

басқармасының бастығы

2009 жылғы 10 қыркүйек

Лебяжі ауданы бойынша
мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау
А. Жалелов

бас дәрігері

2009 жылғы 10 қыркүйек

Аудандық орталық аурухананың
А. Сыздықов